

Көкпекті ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2025 жылғы 15 қазандағы № 32-5/1 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Көкпекті ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының төрағасы

Т. Сарманов

Көкпекті аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 15 қазандағы
№ 32-5/1 шешіміне
қосымша

Көкпекті ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,86 1,91
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,32
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,72
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,48
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,95

6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,004
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,02
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,32
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,48
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,04
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,05
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,54
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	-
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,30
17.	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
18.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,18
19.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
20.	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,07
21.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,38
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,52
23.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,32
24.	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-

25.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	3,32
26.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	-
27.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
28.	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	1,80
29.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0.47
30.	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,007
31.	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-